

жатыр. Мысалы, түсті білдіретін *ақ* сын есімі кейін келе «адал», «тағам аты» (сүт тағамдары), «ақиқат, шындық» деген мағыналарды қосып алған.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы заттану процесі арқылы зат есім сөзге айналған сөздер тілімізде өте көп. Мысалы: *бүлдірген, ағарған, айтыс, қоршау, ақ, жетісі, қырқы, жаратқан, туысқан* т.б.

Септік жалғауларының көнеруі арқылы да, яғни лексика-семантикалық тәсілдің қатысуымен үстеу сөздер де жасалған. Мысалы, *текке, бірден, зорға, бекерге, кейде, шетінен, шынымен, қапыда, етпетінен, шалқасынан* т.б.

Лексика-семантикалық тәсіл арқылы тілімізде көптеген термин сөздер жасалған. Мысалы, тіл білімінің терминдері болып табылатын *екпін, буын, мағына, үстеу, жұрнақ* т.б. сөздер о баста жалпы көпшілікке арналған сөз болып, біртіндеп терминдік мағынаға ие болған. Бұл ғылымның басқа салаларына да тән құбылыс. Мысалы, *теңеу, суреттеу, әңгіме* әдебиет терминдері, *бұрыш, көбейту, қосу, алу* сияқтылар математикалық терминдер сөзжасамның осы лексика-семантикалық тәсілі арқылы жаңа мағынаға көшкен.

Сонымен, келтірілген мысалдар лексика-семантикалық тәсілдің сөздік құрамды байытуда өзіндік орны барын білдіреді. Ал сөзжасам тәсілдері арқылы жасалған туынды сөздердің барлығы сөзжасам процесінің нәтижесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.
- [2] Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – 784 б.
- [3] Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасамы. – Алматы, 2002. – 189 б.
- [4] Салқынбай А. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект. Алматы, Қазақ университеті, 1999. – 309 б.
- [5] Қасым Б. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
- [6] Қайдаров Ә. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – Алматы, 2013. 456 б.
- [7] Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. –216 б.

МРНТИ: 16.21.33

Б. Момынова¹, Ү. Әнесова²

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері
филология ғылымдарының докторы, профессор
Грамматика бөлімінің меңгерушісі

²әл-Фараби ат. ҚазҰУ оқытушысы, PhD докторы

ҚАЗАҚ ЭТНОМӘДЕНИ ЛЕКСИКАСЫНЫҢ ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ ТІЛШІ-ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ

(Е. Жанпейісов пен Ж. Манкеева зерттеулері негізінде)

Аннотация. Мақалада қазақ этнолингвистиканың бір кезеңі, осы кезеңде

жазылған еңбектерге шолу жасалады. Қазақ этнолингвистикасын дамытудағы профессор Е.Жанпейісовтің ғылыми еңбектері туралы сөз болады. Соның ішінде оның материалдық лексиканы жүйелеген «Қазақ ескіліктері» монографиясы туралы айтылады. Кейбір лексикалық бірліктер талданады. Мақалада профессор Ж.Манкееваның соңғы жылдары жазылған еңбегі де этнолингвистика саласына қосылған үлес ретінде қарастырылып, тілдік бірліктердің семантикасын, этномәдени маңызын жан-жақты ашып көрсеткені айтылады.

Тірек сөздер: этнолингвистика, этнос, материалдық лексика, белгі, мәдениет феномені, идиоэтническая семантика, символ, семиотика, концептуалдану.

Б. Момынова¹, У. Анесова²

¹главный научный сотрудник, зав. отделом грамматики
Института языкознания имени А. Байтұрсынұва
доктор филологических наук, профессор
Алматы, Казахстан

²преподаватель КазНУ им. аль-Фараби, докторант PhD
Алматы, Казахстан

ПРОШЛОЕ И БУДУЩЕЕ КАЗАХСКОЙ ЭТНОЛИНГВИСТИКИ В ИССЛЕДОВАНИЯХ КАЗАХСКИХ ЭТНОЛИНГВИСТОВ (на основе исследований Е.Жанпейісова и Ж.Манкеевой)

Аннотация: The article examines one of the periods of development of ethnolinguistics, as well as scientific works written during this period. In particular, we are talking about the role and contribution of Professor E. Zhanpeisov in the study of Kazakh ethnolinguistics. The article analyzes the scientific works of the scientist, including his latest monograph „Kazakh eskilikteri». Some lexical units are covered in detail. The article also examines the works of Professor Zh. Mankeeva in recent years from the point of view of their contribution to the field of ethnolinguistics, the study of the semantics of linguistic units, their ethnocultural significance.

Ключевые слова: этнолингвистика, этнос, материальная лексика, знак, феномен культуры, идиоэтническая семантика, семиотика, концептуализация.

B. Momynova¹, U. Anesova²

¹Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
Doctor of philological sciences, professor
Head of the Grammar Department
Almaty, Kazakhstan

² Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University, PhD

PAST AND FUTURE OF KAZAKH ETHNOLINGUISTICS IN THE RESEARCH OF KAZAKH ETHNOLINGUISTS (research by E. Zhanpeisov and Zh. Mankeeva)

Abstract: The article deals with a specific period of ethnolinguistics, as well as the role and contribution of Professor Zhanpeisov E. to the research of Kazakh ethnolinguistics, scientific works of the scientist, including the last monograph of the scientist entitled “Kazakh eskilikteri». Some lexical units are subject to linguistic analysis. The article examines the work of Professor Zh. Mankeeva’s recent contribution to the field of ethnolinguistics, revealing the semantics of linguistic units, ethnocultural meaning.

Key words: ethnolinguistics, ethnos, material vocabulary, sign, cultural phenomenon, idioethnic semantics, semiotics, conceptualization.

Этномәдени лексика дегеніміз не? Этномәдени лексикаға, біріншіден, белгілі бір этнос тіршілік кешетін аймаққа тән табиғат құбылыстарының атаулары, екіншіден, материалдық лексика, үшіншіден, рухани лексика элементтері жатады. Материалдық лексиканың бір бөлігі тұрмыстық лексикадан тұрады. Ал тұрмыстық лексикаға талдау жүргізу дегеніміз жеке бір ұлттың, тұтасымен алғанда адамзат қауымының даму үрдісіне және көршіі жатқан елдердің бір-біріне, тіпті тым алыстағы елдің белгілі бір ұлт пен халықтың, этностың тұрмыс-тіршілігіне жанасатын тұстарын, сол арқылы тіліне тигізген әсерін анықтауға мүмкіндік алумен бірдей.

2000-жылдардың басы. Ғылым ордасында ҚР ЖОО-лары ассоциациясының оқулықтар мен оқу құралдарының сапасына арналған жиыны өтіп, соған қатысуға шақырылды. Осы жиналыста үш автордың (М.Томанов, Б.Манасбаев, Е.Жанпейісов) бірлестігімен ертеректе жарық көрген «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығы марапатқа ие болған еді. Қайран Ербол ағамыздың үн-түнсіз қуанышының куәсі болдық. Үш автордың көзіндегі жалғыз өзі марапатты алды. Бүгінгі сөз филология ғылымдарының докторы Ербол аға Жанпейісовке бағышталды. Егер арамызда болса, осы жылы 90-ға толған мерейлі жасын атап өтер еді.

Бүгінгі мақалада сөз болатын белді ғалымдарының зерттеулері А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында орындалған. Осы ғылым ордасы – қазақ тіл ғылымының қара шаңырағы әрі іргелі теориялық зерттеулер дүниеге келетін қасиетті мекені.

Қазақ этнолингвистикасының қалыптасуына, дамуына тоқталуды мақсат етіп, оны мақала жүгіне айналдыру көзделген жоқ. Осы саланың ел таныған айтулы мамандарының кейбір еңбектері туралы әріптес ретінде, ағадан жылы сөз етіп, жігерін жаныған қарындас ретінде ғана пікір білдіру ойда болғанын ескерте кету керек. Сондықтан саланың тарихы деп, өткені деп толғанбай, тікелей екі ғалымның еңбектеріне тоқталамыз.

Ербол Жанпейісов біз көрген аға буын өкілдерінің ішіндегі өз жұмысын артық сөзсіз, ақырын ғана тындырып жүретін ғалым ретінде есімізде қалды. Ғалымның М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы этнолингвистикалық бірліктерді жинақтап, жүйелеп, мағыналық және құрылымдық талдау жасаған еңбегінің өзі ірі дүние еді. Кейіннен өмірінің соңына қарай жазған «Қазақ ескіліктері» (Алматы, 2018) деген этнолингвистикалық монографиясы да күрделілігімен, болжамдарының тереңдігімен, материалдарының молдығымен, тек тарихи-салыстырмалы емес, тарихи-салғастырмалы тәсілді кең қолдануымен, ғылыми аппаратының жан-жақтылығымен айрықша

болып шықты. Бұл еңбек бұрын-соңды жазылған этнолингвистикалық еңбектердегі ойды жалғастырып қоймай одан әрі тереңдете алған, алдыңғы еңбектерден көп ілгерілеген, халыққа керекті, танымал еңбек болды. Өйткені әр халық өзіне тән образдар, ұғымдар мен символдарды жинақтап, мәдениеттің ұлттық формасын жасайды. Ұлттық түрді құрауға материалдық лексика элементтері қатысады. Былай қарағанда заттық лексика элементтері – жансыз фактілер, бірақ ғасырлар мен ғасырлардың мәдени диалогына қатысушылар үшін көп жағдайды хабарлайды, көп мәлімет жеткізеді. Кез келген мәдениетте салт-дәстүр, әдет-ғұрып, амандасу мен қоштасу, тұрмыстық заттар мен бұйымдар (үй, үй жиһазы, киім, дәм-тұз), адамның сыртқы бейнесі, оның мінез-құлқы – бәрі де мәдени-танымдық функция атқарады, ақпарат жеткізеді. Тұтасымен алғанда мәдениеттің көптеген құбылыстары қосқырлы: а) олар өздерінің негізгі утилитарлық функциясын атқарады, б) белгінің орнына жүреді. Осы екі қызметті қатар алып жүретін материалдық лексика мәдениетті құрайтын ірі құрамдас бөлік және лексикалық тақырыптық топ құрайтын сөздерге жатады. Сондықтан материалдық лексика кез келген ұлттың дамуын, эволюциясын көрсететін тілдік айғақтар саналып, халық тарихымен сабақтастықта зерттеледі. Айталық, киім-кешек атаулары – тарихи-этнографиялық қайнаркөз әрі тілдегі сандаған бірліктердің қалыптасуына негіз бірліктер, ұлт мәдениетінің үлкен бір бөлімі. Е.Жанпейісовтің айтуынша: «Мәдениеттің нақты этникалық табиғатын оның осы біртұтас семиотикалық жүйе болып табылатын архаикалық қалпын зерттеу арқылы ғана тереңірек танып білуге болады. Мәдениетті жеке заттар, құбылыстар, оқиғалар түріндегі таңбалар жиынтығы ретінде алып қарастыру керек»[1]. Расында да мәдениет – ең алдымен күрделі семиотикалық жүйе, оның қызметі – сана қалыптастыру, негізгі ерекшелігі – жинақтап сақтау. Ғалым Е.Жанпейісовтің монографиясында жеке заттар, құбылыстар мен оқиғалар түріндегі таңбалар атау, символ, қимыл-қозғалыс актілері ретінде семантикаланады. Мәдени заттардың кейбірі символданады. Қоршаған ортаны, тіпті дүниедегі барлық нәрсені символдар арқылы кескіндеуге болады. Символдар – таным мен қарым-қатынас үдерісінде басты да, көмекші де мағынасы бар таңба түрі. Символдардың адамзат қоғамындағы, адам өміріндегі рөлі зор, бірақ символды басты және дүниені танудың жеке-дара жалғыз формасы деп қарауға болмайды. Адамдарға әрқелкі әсер ететін, сондықтан да белгілі бір сезімдермен, жағдайлармен, қатынастармен байланыста болатын әртүрлі заттар мен олардың ерекшеліктері де символ ретінде қолданыла береді. Символдың коммуникативтік, атауыштық, сипаттамалық, жалпылауыштық, абстрактілі қызметтері бар. Соған қоса, символ таңбаға қарағанда, танымдық қызметімен, мазмұнымен ерекшеленеді. Мәселен, таңба көбінесе шартты немесе бірқырлы болуы мүмкін, ал символ концептуалдану үдерісінің нәтижесі және кез келген тілдік бірлік тәрізді кумулятивтік қызметі арқылы халықтың эстетикалық таным-түсініктерін, шаруашылық кәсібін, мінез-құлқы, ырым-нанымы, салт-дәстүрін танытады. Ал «символдың тілдегі көрінісі мен адам өміріндегі рөлі және қызметі, мәдениетке, этностың дүниетанымы мен өмір сүру принциптеріне тигізетін ықпалы нақты тілдік материалдар, тілдік фактілермен дәйектелетіндіктен, символдар мәдениеттің көрсеткішіне жатады». Ал сөз символ болу үшін белгілі бір мәтінде, көбінесе мәдени мәтінде қолдану керек. Е.Жанпейісов өз еңбегінде осындай бірліктерді жинақтап, ала білген. Ал мәдениет феноменінің ғылымда жалпы көп аспектілі және өте көп тармақты проблемаға жатуы осындай себептерден келіп шығады. Осыған байланысты оны зерттеудің түрлі жолдары қалыптасқан. Осыны терең түсінген Е.Жанпейісовтің атап өткен соңғы

монографиясы жаңа бағыттағы өзгеше ізденістің жемісі деуге болады. Ғалым алдымен **тірнек** өнерді жеке бөліп алады да, оған киім-кешек үлгілерін, үй мүліктерін, баспана түрлерін, төрт-түліктен өндіретін бұйымдарды, азық-түлік өнімдерін немесе заттық мәдениетті жатқызады (бұларды ғылымда культурологтар, этнографтар қарастырады); әдет-ғұрыптық ишара көріністері мен символдық түрлі рәсімдік актілер жиынтығы рухани мәдениетті, яғни **көрнек** өнерді құрайды деп жеке бөліп тастайды. Ал бұлардың тілдік көріністері этнолингвистиканың зерттеу объектісіне жататыны шындық және олар **заттық мәдениет лексикасын** құрайды [1]. Бірақ ғалымның айтуынша: «аталмыш заттық-рухани мәдениет, яғни **тірнек-көрнек өнер дихотомиясы** көбінесе берірек дәуірге қаратылып айтылады. Берірек дәуірге қаратылып айтылатыны архаикалық мәдениет бұлай мүшеленбейді. Мүшеленбейтіні: ол – біртұтас семиотикалық жүйе». Міне, зерттеуші осы семиотикалық жүйені барынша «аралап көрген». Заттық мәдениет лексикасының идиоэтникалық ерекшеліктерін айқындауды бүгінге жеткен ескілікті *лыта* – *киім* түрлерінің «әр тарап тілдік көріністерін, олардың атаулар жүйесін қарастырудан бастап көрейік» дейді сөз басында ғалым. Ғалым зерттеуді *бас киім атауларынан* бастайды. Бас киімге байланысты атауларды түгендеуді фольклор, жыраулар поэзиясынан, көп жанрлы жазба әдебиет үлгілерінен, басқа да дереккөздерден жинастырған. Ең бастысы қазақ бас киімінің элементтерінің, сегменттерінің өзге ұлт өкілдерінің киімдеріндегі сегменттермен байланысын ашып бере алған. Сөйтіп барып киім атауларының идиоэтникалық семантикасын ашуда бұрыннан бар жолға түспей, одан түбегейлі бас та тартпай, жана тәсілдерді пайдаланған. Мысалы, *сәукеле* сөзінің ұлттық танымдық семантикасына бару үшін ғалым айтарлықтай көп сөздің фонетикалық өзгерістерін көрсетеді, семантикалық дамуына тоқталады, сөздердің арасындағы мағынадан, тұлғасынан тарихи сабақтастықты іздейді, сөйтіп барып, этимологиялық, идиоэтникалық семантикалық болжам арқылы бір тоқтамға келіп, тілдік фактімен тиянақталған дәлелін айтады. Сәукеленің идиоэтникалық семантикасын ашу үшін мына сөздердің даму эволюциясын көрсетіп, сәукеленің таңбалық сипатын ашуда пайдаланады: *жалбағай, далбағай, телпегей, бүркей, жабасалма, қайырма, жапетер, қарқара, бергек, малақай, далбай, жалбай, желтей, төбетей, төбөбөрік, желбегей, қама, жсаулық, жсұмыршақ, кәләпуи, күләпара, башлық, желек, тымақ, мылық, тақия, қалпақ, тәж, телпек, пәрәнжі, паранжы, шалма, қатырма, құлақшын, салы, сал, шәлі, сәлде, сұлама, жепен, зере, күндік, кепе, кепеш, кеп, шарқат, баутақ, кимешек, шаршы, желек, шылауыш, тебегей, бөкебай, бөрік, топы, топта, дулыға, жыға, қырпу, бүркениш, келе, күлә, сәукеле*. Дыбыстық варианттарымен қоса алғанда «алпыстан асатын мол тілдік материалды» пайдаланып, *сәукеле* сөзін талдайды. Аталған сөздер – бас киімге ғана қатысты сараланғандары. Ғылыми еңбектерде соңғы кездерде осындай жиынтық мәліметтерді, ғылымдар тоғысынан жиналған материалдарды пайдаланып зерттеу жүргізу өрістеп келеді. Ғылымдағы осы қозғалыстың тиімді жақтары мол. Осы бағытты ұстана жазылған ғалым монографиясы жөні бөлек еңбек болып шыққан. Неге осыған дейінгі материалдық лексикалық, этнолингвистикалық зерттеулерден жөні бөлек еңбек? Айталық, ғалым бас киімді тек киім ретінде ғана емес, «бас киім түрлері дененің тек сырт жамылғысы ғана емес, сонымен қоса оның, яғни дененің жалғасы, тұлғаның өзіндік «экстериоризациясы» деп таниды. Шынында да, «киім үлгілерінің жалпы қай-қайсысының да адам денесінің белгілі бір бөлігін жауып тұруы – оның таза сырт жамылғы ретіндегі қызметі ғана. Ал оны (киімді) дененің жалғасы, тұлғаның өзіндік

экстериоризациясы деп білу психологияда белгілі бір процесс нәтижесінде адамның ішкі психикалық өмірінің ерекше бір таңбалық құралы, нақты бір киім кию, шаш қою сияқты түрде вербалдануы» деп түсіндіреді. Семантикалық қосполюстілікпен байланысты қарастыра келіп, жеке адамның, тұлғаның *экстериоризациясы* дегеніміз индивидтің ішкі психикалық дүниесінің белгілі бір шаш қою, киім киісі түрінде таңбалануы, көріністенуі деп біледі. Яғни бас киім тек киім емес, мағынасы әлдеқайда терең, материалдық семиотикасы аса жоғары, **таңбалық қасиеті** басым материалдық құндылыққа жатқызылады. Еңбекте талданған тілдік бірліктердің бәрінің де таңбалық қасиеті қарастырылған, нәтижесінде аталған еңбек түрлі ғылымдар тоғысынан, синтезінен туындаған ерекше еңбек болып шыққан. Мысалы, *сәукеле* туралы мәліметтермен танысу барысында 100 жылқының, тіпті 500 жылқының құнына бағаланған сәукелелер болғанын, олардың музейлерде сақталғанын келтірген ғалым сәукеленің бөліктерін танытатын *құндыз, шұға, ақ киіз, сусар, бұлғын, алтын, күміс, маржан, ақық, мәрмәр, гауһар тізбектері, шоқ үкі, оқаланған лента, таналар* т.б. тілдік бірліктерді тек атап қоюмен шектелмеген. Келтірілген әрбір сөздің семантикалық, ділдік, танымдық дамуын өзге киімдерде кездесу себептерімен байланыстыра отырып, кешенді талдау жүргізеді, материалды жүйелей келе белгілі бір тұжырымға келеді: сәукеле көшпелілер үшін ғажайып өнер туындысы болған, өнер туындысы екені тілдегі қолданыстардан көрінеді, мысалы: «Сәукеле *алтын шашақ березелі, Күмістен күмбез қаққан керегелі*. Өзінің *ауырлығы сегіз батпан, Төбесі төрт қапсырма кебежелі* (Н.Ахметбеков); Төсек алдында жана түскен жас келіншек. Сәукелесі басында, қайын сіңлісі қасында. Ұзындығы *кез сәукеле, етегінен төгілген маржандар, алтын, күміс жарқыраған теңселер, қатар-қатар ою салып тізген меруерттер қызылды-жасылды болып*, алыстан қараған кісінің көзіне шағылысып, таңырқарлық [болып] тамаша көрінеді (А.Асылбеков. Әдебиет кеші// «Қазақ» газеті); Жарас-ау мына сәнді көрмейсің бе? *Сыбаға сәукелеге бермейсің бе?* (М.Әуезов); Қолымда сақинам бар бармақ-бармақ, *Сәукеле басқа түссе ауыр салмақ* (фольклор); *Қатталы сәукеле тас құлын жайлау* (Ә.Найманбаев); *Әшекейлі тоғыз қатар сәукеле* (Х.Арғынбаев). Мысалдарды оқып отырып, *кебежелінің, тоғыз қатардың, сегіз батпан ауырлықтың, керегелі күмбездің* сәукелеге не қатысы бар деген ой келеді. Ғалым бұлардың бәрінің де байланысы барын деректерді сөйлету арқылы бұлжытпай дәлелдей алған: «Жоғарыда Н.Ахметбековтен келтірілген *Сәукеле алтын шашақ березелі* деген өлең жолындағы *березелі* – туынды сын есім, түбірі *березе* < п. *الزوريب* // *زوريف* (транскрипцияласақ, *тируза* ~ *фируза* болып шығады – Е.Ж.) бирюза (камень) [БСЛ I: 325]. Парсы тілінде «асыл тас» мағынасын білдіретін бұл *тируза*//*фируза* есімі қазақ тілінде *березе* болып қалыптасқан. Ол сондай-ақ *перезе, перуза* түрінде де айтылады (Р.Н.Шойбековтен). Тіліміздегі Перуза, Фариза, Марица антропонимдері осы *тируза*//*фируза* парсизмінің негізінде жасалған» дейді. Міне, бір сәукеленің семантикасын ашу барысында қаншама тілдік бірліктердің этимологиясына қозғау салынған. Алдында айтылған экстериоризациясының мәнін былайша аша түседі: «Еңбектерде ескілікті заттық мәдениет бұйымдарының әдетте әрі жай бір нәрсе, әрі таңба, символ ретінде тұтынылатыны жиі айтылады. Қай халықта да тек бір ғана тұрақты жоғары семиотикалы статусқа ие нәрселер де болады, ... оларға маскалар, амулеттер, әшекейлер жағады және бұлардың заттан гөрі таңбалық қасиеті жоғары», солай болу себебіне қарай таңбалық, семиотикалық қасиеттеріне тоқталып, осы бағытта ізденуді мақсат еткен.

Еңбекте бірнеше атаулар талданады. Соның бірі – *жүзік*. *Жүзік* сөзінің түрік тілдеріндегі жазба ескерткіштерінде, өзге де түрлі дереккөздерінде кездесетін фонетикалық варианттарының ең толық тізбесін Л.С.Левитскаяның этимологиялық зерттеулерінен табуға болатыны айтылған. Е.Жанпейісов *жүзік* сөзі жоғарыда келтірілген түрлі лексикографиялық еңбектерде көбіне-көп сәндік бұйым, әшекей заттар атауы ретінде сипатталғанын, бірақ сәндік сипаты уақыт өте келе кейін пайда болғанын, рухани мәдениеттегі әуелгі бастау ұғымы бұдан басқарақ деп ойлайтынын дәлелдеген. *Жүзік* палеолитте сүйектен, неолитте тастан, қола дәуірінде металдан жасалған. Асыл тастардан көз қондырылғанын – *жүзік*, тасы жоқ тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарылғанын – *сақина*, көзі жоқ шығыр түріндегісін – *балдақ* деп атайтынын, ал сырғаның да *шығыршық сырға* дөңгелек сырға болатынын келтіруі – таныс мәліметтерді сөйлетуі. Бірақ шумерлік деректерден тапқан: «Женитьба у шумеров считалась делом весьма обременительным. Они определили свое отношение к браку следующим образом: *Кто не содержал жену или ребенка, тот не носил кольца в ноздрях, мужьям в шумере, как видно, приходилось порой несладко*» (Семюэл Н.Крамер) сынды пікірлерді тауып алуы, ойландырады. Ғалымның бұл деректі жай келтірмегені мына сөзінен байқалады: «Біздің жобалауымызша: шығыршық түріндегі *жүзік* сияқты шығыршық түріндегі сырға да солай шу бастан таңба (символ) ретінде қолданылған. Өйткені «кольцо»-ның заттылығынан гөрі таңбалылығы басым сияқты көрінеді». Қазақ өмірінен алынған мынадай дерек ғалымның пікірін тереңдете түседі: «Тоқбаланың өз әкесі Теңізбай, ұлы атасы Бектемір екеуі де айран ішерлігі мол дөңгелек дәулетті адамдар болыпты. Сүйікті немересін жат елге ұзатарда жасауын толық қылып, мінген атының алдыңғы екі аяғына күміс білезік салғызыпты. Немересінің *мұрын кеңсірігіне қысатын салпыншақ алтын сырғасымен* қоса ұзатылыпты. Ертеде қазақтың кейбір руларында осындай салт ұстанған. Өзбекстанның Сұрхан Дария (Термез) облысында мұндай салт әлі күнге бар. Түрікмендер мен өзбектер ондай сырғаны «арабек» деп атайды. Ал қазақтар алтыннан соғылғанына байланысты *зере* сөзінен туындатып *зере* деп атаған тәрізді. Тоқбала ұзатылып барған тобықты елінде *мұрынғасырға тағу* салты бұрыннан болмаған ба, немесе ұмытыла бастаған кезі ме, әйтеуір бөтен жасау-жабдықпен түскен жас келінді мұрын сырғасына қарап *Зере* атандырыпты. Шежіреші Рахымбековтің түсіндіруі осылай» деген Қ.Алтынбаев дерегін келтіреді. *Зере* – шығыршық түріндегі мұрын сырғасы. Қазақтар – оны *зере, зейір, арабек, арабек*, қарақалпақтар – *арабек*, өзбектер – *аравак, латива*, ал түрікмендер – *ысырға* деп түрліше атайды. Қазақтарда ертеде малдың мұрнына салынатын шығыршық та осылай *зере* деп аталған көрінеді. Ал бұның жаңада ғана шаңырақ көтерген жас отбасының ендігі бар тірлігінің үнемі осындай бір айналма тұйық аяда өтетінін *символдайтыны* есепке көп алынбайды. Сүйектен, тастан, қарапайым металдан, кейін келе күміс пен алтыннан жай шығыршық түрінде соғылған жүзік атаулының қай дәуірде де тек жұбайлық өмірдің шенбер-шегінен әлдеқалай қия басып, аттап шығуға қатаң тию есепті *символдық қызмет* атқарған. Шынында да символ – адам баласын өзге тіршілік иелерінен айрықшалап тұратын нәрсе. Символдар әлемінің пайда болуы салт-жоралармен байланысты. Салт-жоралар символдар түрінде қызмет атқарған және оларды білу тұлғаның әлеуметтік орны мен мәдениетті білу деңгейін анықтаған. Соған байланысты, символдар өз-өзімен пайда болып өмір сүретін құбылыс емес, адам санасының жемісі болып табылады. Ғалым қазіргі заман

жастарының да үйленген күннен бастап қолдарына жүзік салағыны бұдан төрт-бес мың жыл бұрынғы сол шумерлерден жалғасып келе жатқан дүниедегі ең бір көне салттың жаңғырығы деп біледі. Бірақ *жүзіктің* бұл туа қызметі, таңбалық статусы кейін жүре келе ұмытылғанға ұқсайды. Өйткені ол бүгінде тек сәндік үшін әшекей ретінде ғана тұтынылады. Қарастырылып отырған бұл *жүзік* сөзінің түрік тілдерінде қалыптасқан идиоэтникалық семантикасы жалпы алғанда осындай. Ал оның этимологиялық түбірі төңірегінде жалпы *жүз* формасының таза лингвистикалық табиғатына да барған ғалым, бұл этимонды «буын» ұғымымен байланыстырады. *Жүзік* шынында «буындық», «буынға тиесілі», «буынға салынатын» деген тәрізді мағына білдіретін сынды. «Мына бір дерек те соған айғақ: *«Буундукъ* украшение, надеваемое на запястье, браслет – от *буун* сустав руки, переходящий в пятерню». Себебі алдыңғының да, кейінгінің де семантикалық құрылымының негізінде сол «буын» ұғымы жағыр. «Идиоэтникалық аталмыш *жүзік* бірлігінің *жүз* түбірі және тіліміздегі *кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз* тіркестерінің жетек *жүз* сыңары да солай генетикалық жақтан бір сөзге келіңкірейді. Келіңкірейтіні екеуі де, алдыңғы да, артқы да бүтіннің жеке сегменттерінің, «буын» ұғымының тілдік көрінісі болып табылады. С.Аманжоловтың этноним сипатындағы бұл *кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз* тіркестерінің *жүз* бөлігі *бұтақ, бөлік* дегенді білдіреді дегенін, әрі қарай *жүзік* сөзі жүз этимонымен *ұлы (орта, кіші) жүз* дегендегі *жүз* сыңары екеуінің идиоэтникалық семантикасының соншалықты дәлме-дәл сәйкес, абсолютті бірдей деп санайтынына ден қоя отырып, келтіреді. Ендеше кейінгі тіркес құрамындағы *жүз* есімі де сол алдыңғы *жүзік* жасалымының *жүз* этимоны сияқты «буын (звено)» мағынасында сипатталуға тиістілігі анықталады. «Біздің ойымызша, «буын» мағынасындағы көне түркілік *йүз* тува, хакас, карачай тілдерінде ғана емес, солармен қоса қазақ тілінде де *кіші жүз, орта жүз, ұлы жүз* тіркестерінің құрамында сақталған. Осылардағы *жүз* де, *жүзік* дегендегі *жүз* екеуі де, айналып келгенде, бір сөз. Бар айырмасы оның бірде морфологиялық (яғни туынды сөз құрамында түбір зат есім) енді бір жағдайда синтаксистік (яғни сөз тіркесінің жетек компоненті) қызметінде қолданылатыны. Бірақ бұл екі жағдайда да оның аталмыш «буын» мағынасы өзгермейді». Бұл – тұжырым. Сөздің семантикасына, тарихи фонетикасына қарай ғалым жасаған тұжырым. Аталған тілдік бірліктерден өзге ғалым *шекпен, ішік, самалық, селебе, көйлек* т.б. көптеген атаулардың семантикалық дамуын сан тілден, сан дереккөзден тынымсыз ізденіспен жинастырған деректерді сабақтастыра талдаған. Сол үшін ғалым аса күрделі, терең еңбектерді, атап айтқанда, Левитская Л.С., Малов С.Е., Манжигеев И., Маргулан А.Х., Менгес К.Г., Наджип А., Номинханов Ц-Д., Поппе Н.Н., Потенбня А.А., Рамстедт М.И., Рсянен М., Севортян Э.В., Цинциус В.И., Юнусалиев Б.М., Янушкевич А, Gabain А. және қазақ ғалымдарының ғылыми еңбектерімен көз майын тауыса танысқан. Міне, қазақ тілі мен мәдениетін өмір бойы аспандата қадірлеп, М.Әуезовтей академик-жазушының шығармаларының этнолингвистикалық сипатын жеріне жеткізе түсіндірген біртуар ғалым филология ғылымдарының докторы **Ербол Жанпейісов** монографиясының азғана бөлігінің өзі салмақты түрде саралап оқуды, жүгірте емес, ойлана оқуды керек ететін мәнді де терең еңбектерді қазақ ғалымдары да жаза алатынын дәлелдейтін еңбек деу керек.

Еңбек – күрделі, түсінуі де санаға салмақ беретін, бірақ танымдық, тарихи-семантикалық тұрғыдан бай дереккөз қоры бар және этнолингвистика мен тіл

тарихына тереңдеуге мүмкіндік тудыратын ерекше еңбек. Бүгінде арамызда жоқ Ербол ағамыздың еңбегіне құрметпен қарайтынымызды білдіру мақсатында жазылған осы мақаланың соңында ғалым еңбектерінің жастар үшін, филологтар мен этнографтар үшін, когнитивтік лингвистика мен концептуалды зерттеулер жүргізіп, ғылымның қиындығынан ләззат алғысы келетіндер үшін әрі бағдар, әрі үлгі, әрі тіл әлемінің ерекшелігін танытатын нағыз ізденіс жемісі екенін қайталап айту ғана.

Қазақ тілінің тарихы мен қазақ этнолингвистикасының жанданып, ілгерілеуі жолында еңбек етіп жүрген енді бір ғалым – профессор **Жамал Манкеева**.

Талмай еңбектену бір нәтижеге әкелетіні әмбеге аян. Ж.Манкееваның әу деп бастаған ғылыми қадамы саналатын кандидаттық диссертациясындағы («Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка») (Алматы, «Ғылым», 1991) этимологиялық талдаулары сарабал шыққан. Жас та болса ғылымда сарыгідірлік таныта алған [2]. Осы жұмысқа байланысты айта кететін мәселе екі буынды етістік түбірлердің құрамындағы бір буынды өлі түбірлердің тізімін бере отырып, олардың ішінен этимология жасауға мүмкіндік жоқ 70 түбірді, атап айтқанда: *бал-а (теңеу), бөл-е (баланы құндақтау), жаса (істеу және өмір сүру деген екі мағынасында), төле, тие, шене (сөзбен түйреу мағынасында), шұба, шыда, сопай, жуат, мұқат, мезге, нұсқа, самға, мыжы (көп сөйлеу мағынасында), ренжі, тірке, марқай, мәңгі, мөңкі, саңғы, мұңкі, дары (емі дару), жуы, жібі, кейі, қажы, қасы (қолмен тырналау мағынасында), мойы, мүжі, налы, шұқы, сасы, кіжін, жатыр, кідір, мүдір, шұбыр*, т.б. бөліп көрсетеді. Алдыңғы жиған білімін кеңінен пайдалана отырып, қазақ тіліндегі мәдени лексиканың сырын докторлық диссертациясында ашты, мәдени лексикаға жататын сөздерді жинап-теріп, саралады, еңбегі жан-жақтылығымен, тілдік фактілерінің молдығымен айрықша болып шықты. Мәдени лексика туралы мәліметтер Ж.Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде талданды [3]. «Адам психологиясының, оның когнитивтік процесінің дамуын, жеке басының көріністерінің қалыптасуын ең алдымен, табиғатпен қарым-қатынасы, шаруашылық кәсібі арқылы өзектеген Ж.Манкеева тілдік құралдардың да ұлттық мәдени генезисін этнопсихология мен биосфера заңдылықтарынан өрбіте зерттеген. Зерттеуде ғалым «халықтың көкірегі», «халықтың жады», «ұлттық сезім», «рухани дүние», «халықтық психология» секілді ұғымдардың кездесуі содан, ғалым олардың маңыздылығына тоқталады.

Қазақ қарым-қатынасында сый көрсету, құрметтеу адамның малының санына қарай көрсетілетіні рас. Бірақ өзге де материалдық құндылықтардың рөлін кемсітуге болмайды. Өйткені материалдық құндылықтар адамзаттың ұлттық, тіпті континенттік ерекшеліктерін де қалыптастырады. Ал «тұрмыстық лексика элементтері диахронды зерттеулер жүргізгенде тарихи-этнографиялық тұрғыдан бастау-көз болса, екінші жағынан, лингвистикалық негіз қызметін атқарады», осы пікір материалдық лексиканың әр түріне арнаған талдауларында желі тартқан. Айталық, мата түрлері, оның ішінде жібек мата туралы ғалымдардың ой-толғамдарында жетіле түседі. Мысалы, жібек мата әрқашанда әсіре байлық пен асыл заттар санатында болғаны белгілі. Жалпы Еуразия континентіндегі халықтардың мемлекетаралық саяси, сауда байланыстарының орнауында және дамуында жібек ерекше орын алады. Жібек ерте ортағасырдан бастап, Шығыс және Батыс өркениеттерінің арасындағы алыс-

берістің, сауда-саттық байланыстардың бірден-бір тауарлық эквиваленті болып келді, яғни ақшаның рөлін атқарды. Пікір жалаң болмас үшін Қазан төңкерісі алдындағы Хорезмдегі хан сарайын жазушының сипаттауына көңіл бөлуге болады. Сарай бишілерінің, кәнизактарының киімі де жібектен, асыл маталардан тігілген: «Үстінде бахшылар мен бардтарды, мұбашақ пен газелдерді тыңдап, оған қасидалар мен желдірмелер ұласып, қаралай бой балқытар Хотан, Қашқар, Долан, Түрікмен мұқамдарына бейілдене балқып отырған шақта ішке көктен түскендей боп *ақ, қызыл, көк, қара жібек* пен *шытыра* алтын көйлекке малынған, *аяқтарына қоңыраулы күміс сақина салған* он екі кәнизак кіріп келіп, дутар мен сыбызғы әуеніне қосылып, зауаның гүлінен қуана нәр алған көбелектерше шырқ айналып, мың бұралып билей жөнелді» (Есләмғалиұлы М.Әйтеке би, 116-б.). Бұл ғылыми факт емес, бірақ Хорезм сарайындағы киім үлгісін жазушының сипаттауы. Қазақ даласында да жібек қымбат маға ретінде бағаланды. Қазақ жерінде тараған жібек матаның *газ, крепдешин, крепжоржет* т.б. түрлеріне қазақы орта түрліше атаулар берді: *баршын, барқыт, батсайы, қатипа, қырмызы, тапта, торғын, торқа, шәйі, атлас, кінауыз* т.б. Тарихи деректер бойынша ХІХ ғасырдың ортасына дейін қазақы ортада киім тігуге көбінесе, *адрас, пайы, биқасап, шәйі* сияқты Орта Азиялық және Қытай маталарын пайдаланса, ХІХ ғ. ІІ жартысынан бастап тұрмысқа *сәтен, пүліш, сәрпенке, сиса* сияқты Еуропалық және Ресейлік маталар көптеп ене бастаған. Маға түрлерінің өзі-ақ қоғам өзгерісін көрсетеді және тілде көрініс табады. Ж.Манкеева осындай сәттерді нақ аңғарып, тілдік материалдар қорынан таныс та бейтаныс маға атауларын келтіреді, мысалы, *адрас, бұлде, баршын, батсайы, биқасап (бекасап), боз, бөз, борлат, дабы, дүрия, жібек, қамқа, қатипа, қойқын, құлты, қыжым, қырмызы, ләмбек, ләйлі, манат, насар, пайы, парша, сәлдебоз, сиса, сыңсыма, сұрып, торқа, торғын, үлде, ұштан* т.б.

Жарқыратып таза, асыл мағадан дұрыс киім кию кез келгеннің қолынан келмеген, анығында оған көптің қолы жетпеген. Айталық *күміс кісе тағу, таза былғарыдан етік кию, құндыз бөрік кию* – кедейліктің емес, барлықтың, қолы жеткендіктің белгісі. *Жақсы ат міну, жақсы киім кию, жақсының жанында жүру* – ерекше әлеуметтік жағдайы барларға тән ишара. Адамдардың әлеуметтік жағдайы, жай-күйінің өзгелерден озықтығы я нашарлығы киім киісінен көрініп тұрған. Тіпті киімдер руы, жүзі жайлы хабардар жеткізгендіктен, қазақ қарым-қатынасында бәрі де ескерілген. Мысалы, *бөрік, тымақ* түрлері ру-тайпалық ерекшелігіне қарай бөлінгенін, киім-кешек үлгілерінде ру-тайпалық сәндер болғанын ғалым Ж.Манкеева былайша атап өтеді: «*Керей тымақ, найман тымақ, арғын тымақ, албан бөрік, қызай қалтақ* т.б.». Бұдан басқа тымақ түрлерін белгілі ғалым Е.Жанпейісов «Абай жолының» материалдарына сүйеніп көрсеткен еді: «*Жекей тымақ, қаракесек тымақ, сегіз сай уақ тымағы, сырмаланған алты сай найман тымақ, төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы, жіңішке ұзын төбелі керей тымағы* т.б.». Бұл фактілер, өзге қазақ жазушыларының шығармаларында дәйектеле түседі: Кеше көргендей көз алдымда, *басында құндыз бөрік, аяғында жарма қоныш көк етік, кісесі жарқырап* андасанда көзімізге түскенде, ақыл тоқтаға бастаған біздер: «о, шіркін, осы Абзал ағайдай болсақ-ау!» – деп армандаушы едік (Сейдімбеков А.Аққыз, 36-б.). Артефакт ретінде бөрік өз иесінің әлеуметтік жағдайынан, ортасынан, қоғамдағы орнынан мейлінше жеткілікті хабар берген. «Досы – басқа, дұшпаны аяққа қарайтын» қазақ үшін бөріктің тігілу үлгісінің айрықша болуы да өзінше мәртебе саналған. «Сондықтан

киім атаулары сонымен бірге әр тап өкілдері өздерінің әлеуметтік орнына, қызмет-кәсібіне қарай түрліше киінетінінен хабар береді», – дейді ғалым Ж.Манкеева. Расында да киімнің ақпараттық қызметінің күштілігін жазушылар жақсы көрсетеді: Сол Байшуақтың *биік төбе сусар бөрік, биік өкше қоңыр саптама, қос бойы көк оюлы жырым балақ қызыл қоңыр шалбар мен күдері шапанын* киген соң Барат ел жақсыларынан айырмасы болмай қалған (Сегізбайұлы К. Беласқан, 155-б.). Мұндағы *жырым балақ шалбар* – балағының сырты жырылған, кең етіп тігілген ер адам шалбары. Ол атқа мініп-түсуге, сондай-ақ малдас құрып отыруға қолайлы болып келеді. Балағының жырым болуы да осындай ыңғайлы болуы үшін жасалған. Шалбардың пүліштен, шыттан сәнделіп тігілген түрлерін көбінесе жастар, сал-серілер киген. Мұндай шалбарлар «сәнді болуы үшін балағындағы жырымын айналдыра түрлі жіптермен кестелеп, тіптен ышқырына шашақты бау да өткізген». Жырық балақ шалбардың жұмсақ етіп иленген теріден тігілген түрі Қытайдағы Бейжің орталық ұлттар университетінің музейіне қойылған. Шалбардың осы түрінің ғалым Ж.Манкеева «ешкі немесе киік терісінен тігілген тықыр жарғақ шалбар» болғанын келтіре отырып, оны қыста киетін ерлердің шалбарлары қатарында ағайды. Ал келтірілген мысалдағы *күдері шапан* туралы мәлімет Ж.Манкеева келтірген қыстық киімдер ішінен де (ішік, жарғақ, күпі, шидем шекпен т.б.), жазғы сырт киімдер (жейде, жеңіл шапан, жалбағай т.б.) арасынан да, ұшыраспайды. Бірақ *күдері белбеу* «жұмсақ иленген бұлан не бұғы терісінен жасалған белдік» екені зерттеулерде айтылған. *Былғары саптама* (ол киіз байпақпен киілетін қонышты етік) Ж.Манкеева еңбегінде келтіріледі де, оны «қазақ еркектерінің қыста киетін аяқ киімдерінің» түрлері ішінде аталады. Ал көркем шығармадағы биік өкше қоңыр саптама *сән-салтанатқа киілетін біркиер етік* деп көрсетілген және оның ішінен киетін киіз байпағы туралы деректер көп ашыла бермейді. Сондықтан бұл етік туралы мәліметтерді хрономикалық, артефактілік дәлдік үшін анықтай түсу керек. Сондай-ақ алдыңғы мысалдарда келтірілген *жарма қоныш көк етік туралы* мәліметтер де жоққа тән. Бірақ *шоңқайма етік, саптама, қайқы тұмсық жұмсақ етік* туралы аталған ғалым еңбектерінде мәліметтер бар. Бір-екі ғана киім түріне байланысты жинақталған мәліметтерден шығатын қорытынды мынадай: а) киім, киім түрлері туралы мәліметтерді жазушылар толық пайдаланбайды, әр жазушы оларға хрономика мен артефактілік құндылық ретінде емес, кейіпкер образын толықтырушы штрих ретінде ғана қарайды; ә) әр аймақтың киім киісіндегі, жасалу үлгісіндегі ерекшеліктерді әлі де болса тереңірек зерттей түсу керек, деректерді толықтыру керек. Ол фактілер не үшін керек? Мұндай фактілердің барлық шарттарға сай дұрыс болып, қолданыс табуы тек коммуникациялық тұрғыдан ғана емес, когнитивтік-танымдық тұрғыдан және мәдениаралық коммуникация тұрғысынан да құнды, маңызды.

Сал-серілер туралы, олардың киім үлгілері туралы сөз қозғай келе: «Бір ғана сал-серілердің киімінің өзі ғажайып өнер туындысы саналған. Оларда жарқындылық, романтикалық рең басым болады. Мысалы, олардың шалбары да ерекшеленіп, өз сипатына сәйкес *сал шалбар* деп аталған», – дейді Ж.Манкеева. Киім адам туралы жақсы да, нашар да пікір қалыптастырады. Яғни артефакті ретінде киім коммуникацияда, қарым-қатынас кезінде ерекше рөл атқарады. Киім-кешекке байланысты Ж.Манкеева мынадай қорытындыға келеді: «Қазақтың киім атаулары-

ның алуан түрлі топтары мен байлығы хандар мен сал-серілерді былай қойғанда, халықтың өзінің де өте сәнді киінгенін көрсетеді. Бүгінде сол киімдердің жарқын үлгісінің бірсыпырасы тарих тереңінен еміс-еміс жеткен» [3].

Этномәдени лексика элементтері диалектілік сөздіктердің негізгі құрамдас бөлігі, өйткені әр аймақтың шаруашылық жүргізуіне қарай, игерген кәсібіне сай, жердің ерекшелігіне, климатқа байланысты тұрмысына қажетті сөздердің тобы болса, ол сөздерді басқа бір аймақтың тұрғындары қолданбауы әбден мүмкін, сондықтан мұндай сөздердің таралу аймағы шектеулі келеді. Ал кейбір тұрмыстық сөздер жалпы халыққа ортақ сөздер болады да, олардың мағынасы түсінікті келеді, мұндай сөздерді барлық диалектілік аймақтардың тұрғындары пайдалануы ықтимал. Міне, Ж.Манкеева осы мәселені жан-жақты түсіне келіп, жұмысында, өзі атап көрсеткендей, «зерттеу нысанына іліккен негізінен ұлттық бояуы қою, халықтық лексика. Атап айтқанда, тұрмыста қолданылатын зат, бұйым, еңбек құралдары, үй жиһаздары, киім т.б. атаулары, дәстүрлі кәсіпке қатысты терминдер» болып табылады деп көрсетеді. Мысалдарды әр түрлі қайнаркөздерден, атап айтқанда, тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелерден, ақын-жыраулар тілінен, XVIII-XIX ғғ. ақындардан, фольклордан, диалектілік ерекшеліктерден, фразеологизмдерден жинастырды. Оларды он бөліктен тұратын лексика-семантикалық топқа бөлген. Соның нәтижесінде, зергерлік әшекейлердің басқа, сырт киімге тағылатын түрлері туралы этнографиялық мәліметтермен бірге олардың шығу тегі жөнінде терең тілдік мәліметтер жинақталып, зергерлік құрал-саймандардың түрлері жөнінде фактілер топтастырылған. Одан өзге киім-кешек атаулары, қолөнер туындылары, еңбек құралдары мен ыдыс-аяқ атаулары, киіз үй құралдарының атаулары, қазақтың музыкалық аспаптары мен қару-жарақ атаулары, ұлттық тағам атаулары топтастырылған, тілдік, танымдық, ділдік талдаулар жинақталған кешенді еңбек дүниеге келген. Еңбекте атаулардың символикалық, бейнелік мағыналары және этимологиялық талдаулар арқылы көптеген сөздердің этнолингвистикалық табиғаты анықталған.

Міне, заманы бір, ізденістері бір бағыттағы екі белді ғалымның қазақ этнолингвистикасын ілгерілеткен еңбектері туралы осындай ойдамыз.

Мақала «Мәңгілік ел – ғылыми негізде» атты ғылымды дамытудың басым бағытының «Қазақ тілі кеңістігіндегі ұлттық-мәдени код: символдың архетиптік мәртебесін және тұлғаның тарихи-мәдени типін анықтаудағы қызметі» (ЖТН АРО5131406) жобасы бойынша жарық көріп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Жанпейісов Е. Қазақ ескіліктері. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2018. – 352 б.
- [2] Манкеева Ж.А. Реконструкция первичных корней глагольных основ казахского языка. – Алма-Ата, 1991. – С. 154.
- [3] Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.